12. Департаментке Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

**2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Департаменттің міндеті Департаменттің құзыреті шегінде республикалық мүлікті басқару саласында басшылықты, республикалық мүлікке мемлекеттің құқықтарын іске асыруды, жекешелендіруді жүзеге асыру болып табылады.

14. Департаменттің функциялары:

1) алып тасталды – ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 16.06.2022 № 335 бұйрығымен;

2) орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерін қайта ұйымдастыру және тарату кезінде бөлу, аралық тарату және тарату баланстарын, сондай-ақ тапсыру актілерін бекіту;

3) республикалық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға беру;

4) жекешелендіру объектісінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары болған жағдайда, сату туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға және тиісті орталық атқарушы органдарға олар объектіні жекешелендіргенге дейін осы материалдық құндылықтарды бұдан әрі орналастыру туралы шешім қабылдау үшін хабарлау;

5) республикалық мүлікті, сондай-ақ нарықта үстем немесе монополиялық жағдайға ие табиғи монополия субъектілері немесе нарық субъектілері болып табылмайтын мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жекешелендіруді жүзеге асыру, объектіні жекешелендіруге дайындау процесінде республикалық мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тарту, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз ету, жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

6) сатып алушының талап етуі бойынша жекешелендіру объектілерінің ауыртпалықтары туралы, сондай-ақ кредиторлық және дебиторлық берешектер сомасы, егер жекешелендіру объектісі мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорын болып табылса, жекешелендірілетін кәсіпорынның жасасқан шарттары туралы ақпаратты дайындауды және ұсынуды жүзеге асыру;

7) республикалық мүлік мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіру, Қазақстан Республикасына тиесілі мүліктік құқықтарды қорғауды жүзеге асыру;

8) "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" 2003 жылғы 4 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыруға қатысу;

9) экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында болып жатқан өзгерістерді талдау және өндіргіш күштердің дамуын болжау мақсатында негізгі өндірістік-техникалық, технологиялық, қаржы-экономикалық, құқықтық және өзге де параметрлері бойынша мониторинг объектілерін қадағалауға қатысу;

10) республикалық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістерді республикалық бюджетке алу;

11) концессия және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары негізінде құрылған объектілерді республикалық меншікке қабылдауға қатысу;

12) мемлекеттік мүліктің мақсатқа сай пайдаланылуын бақылауды және артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай пайдаланылмайтын мүлікті алып қоюды республикалық мүлікке қатысты үш жылда кемінде бір рет жүзеге асыру;

13) сыйға тарту шарттарын жасасу, мемлекеттік емес заңды және жеке тұлғалардың мүлкі бойынша қабылдап алу-беру актілеріне қол қою мен бекіту;

14) оларға меншік құқығын мемлекет сыйға тарту шарты бойынша иеленген мүлікті есепке алуды мемлекеттік мүлік тізіліміне ол туралы мәліметтер енгізу жолымен жүргізу;

15) орталық атқарушы орган мен оның ведомствосының, республикалық мемлекеттік кәсіпорынның мүлкін қоспағанда, республикалық мүлікті тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асыру;

16) мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған республикалық мүлікті бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асыру;

17) сатып алу-сату шартын, оның ішінде өзінің қолданысын тоқтатқан шартты орындауға байланысты бақылауды жүзеге асыру кезінде жұмысқа сарапшыларды, сондай-ақ консультациялық, бағалау, аудиторлық және өзге де ұйымдарды тарту;

18) республикалық мүліктің нысаналы және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру;

19) зерттеу жүргізу тапсырылған тұлғаларды және танысу үшін ұсынылуға тиіс ақпарат тізбесін көрсете отырып, мониторинг объектісінің басшыларын зерттеу жүргізілетіні туралы хабардар ету;

20) орталық атқарушы органның аумақтық органының, ведомствоның аумақтық бөлімшесінің, оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін пайдалануға беру жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру;

21) республикалық меншікке жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

22) меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыруға қатысу;

23) меншіктің мемлекеттік мониторингінің нысанасы бойынша анық және объективті талдау үшін қажетті ақпаратты сұратуды және алуды жүзеге асыру;

24) мониторинг объектілерін тікелей зерттеуге, меншіктің мемлекеттік мониторингі нысанасына жатқызылатын ақпаратты жинау мен талдауға қатысу үшін Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының өкілдерін тарту;

25) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, сондай-ақ мониторинг объектілерінен меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрату мен алуды жүзеге асыру;

26) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

26-1) мемлекеттік материалдық резервті және жедел басқарудағы мүлікті қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті мүлікпен қамтамасыз ету;

26-2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес Департаменттің активтерін мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторға сенімгерлік басқаруға беру;

26-3) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган аумақтық бөлімшелерінің мүлкін басқару мен күтіп ұстау үшін мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторды қаржыландыруды жүзеге асыру;

26-4) орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының мүлкін қоспағанда, республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкін коммуналдық меншікке беру;

26-5) коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкін республикалық меншікке орталық атқарушы органның аумақтық органының, ведомствоның аумақтық бөлімшесінің, оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің теңгеріміне беруге келісім беру;

26-6) жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналдырылған ( түскен) мүлікті орталық атқарушы органның аумақтық органының, ведомствоның аумақтық бөлімшесінің, оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің теңгеріміне бекіту;

26-7) жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналдырылған ( түскен) мүлікті коммуналдық меншікке беру;

26-8) жекелеген негіздер бойынша коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті орталық атқарушы органның аумақтық органының, ведомствоның аумақтық бөлімшесінің, оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің теңгеріміне беруге келісім беру;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді – ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 02.08.2019 № 820; 10.02.2020 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 16.06.2022 № 335; 07.06.2024 № 418 бұйрықтарымен.

15. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан және өзге де тұлғалардан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату, алу және оларға беру;

2) Еңбек кодексімен және мемлекеттік қызмет туралы заңнамамен көзделген жағдайларда және тәртіпте қызметкерлерді көтермелеу, оларға тәртіптік жаза қолдану, қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тарту;

3) Қазақстан Республикасының соттарында республикалық мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіру;

4) басқа мемлекеттік органдардағы кеңестерге, келіссөздерге, отырыстарға Комитеттің атынан және оның тапсырмасы бойынша қатысу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

## 3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болуы мүмкін.

19. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының (бар болған жағдайда) және Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес Департаменттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

4) Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;

5) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департамент мүддесін білдіреді;

7) белгіленген тәртіпте Департаменттің қызметкерлерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауапты болады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Департамент басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

**4-тарау. Департаменттің мүлкі**

21. Департаменттің заңнамамен көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департамент мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамамен өзгеше белгіленбесе, Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің
Төрағасы міндетін атқарушының
2018 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 934 бұйрығына 17-қосымша

**"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Шымкент қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Шымкент қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің (бұдан әрі – Комитет) Шымкент қаласының аумағында өз құзыреті шегінде республикалық мүлікті басқару саласында басшылықты, республикалық мүлікке мемлекеттің құқықтарын іске асыруды, жекешелендіру мен экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыратын аумақтық органы болып табылады.

Департамент Комитеттің Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің бөлу балансына сәйкес берілетін барлық құқықтары мен міндеттерінің, оның ішінде тараптар дауласатын міндеттемелердің құқықтық мирасқоры болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент, егер заңнамаға және осы Ережеге сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 160011, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы, Ғ. Іляев көшесі, 24/1.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Шымкент қаласы мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

**2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Департаменттің міндеті Департаменттің құзыреті шегінде республикалық мүлікті басқару саласында басшылықты, республикалық мүлікке мемлекеттің құқықтарын іске асыруды, жекешелендіруді жүзеге асыру болып табылады.

14. Департаменттің функциялары:

1) алып тасталды – ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 16.06.2022 № 335 бұйрығымен;

2) орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерін қайта ұйымдастыру және тарату кезінде бөлу, аралық тарату және тарату балансын, сондай-ақ тапсыру актілерін бекіту;

3) республикалық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға беру;

4) жекешелендіру объектісінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары болған жағдайда, сату туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға және тиісті орталық атқарушы органдарға олар объектіні жекешелендіргенге дейін осы материалдық құндылықтарды бұдан әрі орналастыру туралы шешім қабылдау үшін хабарлау;

5) республикалық мүлікті, сондай-ақ нарықта үстем немесе монополиялық жағдайға ие табиғи монополия субъектілері немесе нарық субъектілері болып табылмайтын мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жекешелендіруді жүзеге асыру, объектіні жекешелендіруге дайындау процесінде республикалық мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тарту, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз ету, жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

6) сатып алушының талап етуі бойынша жекешелендіру объектілерінің ауыртпалықтары туралы, сондай-ақ кредиторлық және дебиторлық берешектер сомасы, егер жекешелендіру объектісі мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорын болып табылса, жекешелендірілетін кәсіпорынның жасасқан шарттары туралы ақпаратты дайындауды және ұсынуды жүзеге асыру;

7) республикалық мүлік мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіру, Қазақстан Республикасына тиесілі мүліктік құқықтарды қорғауды жүзеге асыру;

8) "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" 2003 жылғы 4 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыруға қатысу;

9) экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында болып жатқан өзгерістерді талдау және өндіргіш күштердің дамуын болжау мақсатында негізгі өндірістік-техникалық, технологиялық, қаржы-экономикалық, құқықтық және өзге де параметрлері бойынша мониторинг объектілерін қадағалауға қатысу;

10) республикалық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістерді республикалық бюджетке алу;

11) концессия және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары негізінде құрылған объектілерді республикалық меншікке қабылдауға қатысу;

12) мемлекеттік мүліктің мақсатқа сай пайдаланылуын бақылауды және артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай пайдаланылмайтын мүлікті алып қоюды республикалық мүлікке қатысты үш жылда кемінде бір рет жүзеге асыру;

13) сыйға тарту шарттарын жасасу, мемлекеттік емес заңды және жеке тұлғалардың мүлкі бойынша қабылдап алу-беру актілеріне қол қою мен бекіту;

14) оларға меншік құқығын мемлекет сыйға тарту шарты бойынша иеленген мүлікті есепке алуды мемлекеттік мүлік тізіліміне ол туралы мәліметтер енгізу жолымен жүргізу;

15) орталық атқарушы орган мен оның ведомствосының, республикалық мемлекеттік кәсіпорынның мүлкін қоспағанда, республикалық мүлікті тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асыру;

16) мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған республикалық мүлікті бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асыру;

17) сатып алу-сату шартын, оның ішінде өзінің қолданысын тоқтатқан шартты орындауға байланысты бақылауды жүзеге асыру кезінде жұмысқа сарапшыларды, сондай-ақ консультациялық, бағалау, аудиторлық және өзге де ұйымдарды тарту;

18) республикалық мүліктің нысаналы және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру;

19) зерттеу жүргізу тапсырылған тұлғаларды және танысу үшін ұсынылуға тиіс ақпарат тізбесін көрсете отырып, мониторинг объектісінің басшыларын зерттеу жүргізілетіні туралы хабардар ету;

20) орталық атқарушы органның аумақтық органының, ведомствоның аумақтық бөлімшесінің, оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін пайдалануға беру жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру;

21) республикалық меншікке жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

22) меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыруға қатысу;

23) меншіктің мемлекеттік мониторингінің нысанасы бойынша анық және объективті талдау үшін қажетті ақпаратты сұратуды және алуды жүзеге асыру;

24) мониторинг объектілерін тікелей зерттеуге, меншіктің мемлекеттік мониторингі нысанасына жатқызылатын ақпаратты жинау мен талдауға қатысу үшін Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының өкілдерін тарту;

25) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, сондай-ақ мониторинг объектілерінен меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрату мен алуды жүзеге асыру;

26) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

26-1) мемлекеттік материалдық резервті және жедел басқарудағы мүлікті қоспағанда, орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін, Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарын, Қарулы Күштерін, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті мүлікпен қамтамасыз ету;

26-2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес Департаменттің активтерін мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторға сенімгерлік басқаруға беру;

26-3) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган аумақтық бөлімшелерінің мүлкін басқару мен күтіп ұстау үшін мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторды қаржыландыруды жүзеге асыру;

26-4) орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының мүлкін қоспағанда, республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкін коммуналдық меншікке беру;

26-5) коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкін республикалық меншікке орталық атқарушы органның аумақтық органының, ведомствоның аумақтық бөлімшесінің, оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің теңгеріміне беруге келісім беру;

26-6) жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналдырылған ( түскен) мүлікті орталық атқарушы органның аумақтық органының, ведомствоның аумақтық бөлімшесінің, оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің теңгеріміне бекіту;

26-7) жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналдырылған ( түскен) мүлікті коммуналдық меншікке беру;

26-8) жекелеген негіздер бойынша коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті орталық атқарушы органның аумақтық органының, ведомствоның аумақтық бөлімшесінің, оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің теңгеріміне беруге келісім беру;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді – ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 02.08.2019 № 820; 10.02.2020 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 16.06.2022 № 335; 07.06.2024 № 418 бұйрықтарымен.

15. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан және өзге де тұлғалардан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату, алу және оларға беру;

2) Еңбек кодексімен және мемлекеттік қызмет туралы заңнамамен көзделген жағдайларда және тәртіпте қызметкерлерді көтермелеу, оларға тәртіптік жаза қолдану, қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тарту;

3) Қазақстан Республикасының соттарында республикалық мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіру;

4) басқа мемлекеттік органдардағы кеңестерге, келіссөздерге, отырыстарға Комитеттің атынан және оның тапсырмасы бойынша қатысу;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

## 3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болуы мүмкін.

19. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының (бар болған жағдайда) және Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес Департаменттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

4) Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;

5) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департамент мүддесін білдіреді;

7) белгіленген тәртіпте Департаменттің қызметкерлерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауапты болады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Департамент басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

**4-тарау. Департаменттің мүлкі**

21. Департаменттің заңнамамен көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департамент мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамамен өзгеше белгіленбесе, Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитетінің
Төрағасы міндетін атқарушының
2018 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 934 бұйрығына 18-қосымша

**"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің (бұдан әрі – Комитет) "Байқоңыр" кешенінің аумағында өз құзыреті шегінде республикалық мүлікті басқару саласында басшылықты, республикалық мүлікке мемлекеттің құқықтарын іске асыруды, жекешелендіру мен экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыратын аумақтық органы болып табылады.

"Байқоңыр" кешені - "Байқоңыр" ғарыш айлағы мен Байқоңыр қаласының жылжымалы және жылжымайтын мүлкімен бірге, сынақ, технологиялық, ғылыми, өндірістік-техникалық, әлеуметтік және қамтамасыз ету объектілері.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, 1994 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағын пайдаланудың негізгі қағидаттары мен шарттары туралы келісімге, 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы "Байқоңыр" кешенін жалға беру шартына және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы "Байқоңыр" ғарыш айлағы бойынша басқа да мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдерге, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент, егер заңнамаға және осы Ережеге сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 468320, Қазақстан Республикасы, Байқоңыр қаласы, Совет Армия көшесі, 11.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 09.11.2023 № 817 бұйрығымен.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## 2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Департаменттің міндеті Департаменттің құзыреті шегінде республикалық мүлікті басқару саласында басшылықты, республикалық мүлікке мемлекеттің құқықтарын іске асыруды, жекешелендіруді жүзеге асыру болып табылады.

14. Департаменттің функциялары:

1) алып тасталды – ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 16.06.2022 № 335 бұйрығымен;

2) орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерін қайта ұйымдастыру және тарату кезінде бөлу, аралық тарату және тарату балансын, сондай-ақ тапсыру актілерін бекіту;

3) республикалық мүлікті жеке тұлғаларға және мемлекеттік емес заңды тұлғаларға кейіннен сатып алу құқығынсыз, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің меншігіне

кейіннен сатып алу құқығымен немесе кейіннен өтеусіз негізде беру құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға), сенімгерлік басқаруға беру;

4) жекешелендіру объектісінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары болған жағдайда, сату туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға және тиісті орталық атқарушы органдарға олар объектіні жекешелендіргенге дейін осы материалдық құндылықтарды бұдан әрі орналастыру туралы шешім қабылдау үшін хабарлау;

5) республикалық мүлікті, сондай-ақ нарықта үстем немесе монополиялық жағдайға ие табиғи монополия субъектілері немесе нарық субъектілері болып табылмайтын мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жекешелендіруді жүзеге асыру, объектіні жекешелендіруге дайындау процесінде республикалық мүліктің сақталуын қамтамасыз ету, жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тарту, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз ету, жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

6) сатып алушының талап етуі бойынша жекешелендіру объектілерінің ауыртпалықтары туралы, сондай-ақ кредиторлық және дебиторлық берешектер сомасы, егер жекешелендіру объектісі мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорын болып табылса, жекешелендірілетін кәсіпорынның жасасқан шарттары туралы ақпаратты дайындауды және ұсынуды жүзеге асыру;

7) республикалық мүлік мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіру, Қазақстан Республикасына тиесілі мүліктік құқықтарды қорғауды жүзеге асыру;

8) "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі туралы" 2003 жылғы 4 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыруға қатысу;

9) экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында болып жатқан өзгерістерді талдау және өндіргіш күштердің дамуын болжау мақсатында негізгі өндірістік-техникалық, технологиялық, қаржы-экономикалық, құқықтық және өзге де параметрлері бойынша мониторинг объектілерін қадағалауға қатысу;

10) республикалық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістерді республикалық бюджетке алу;

11) концессия және мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары негізінде құрылған объектілерді республикалық меншікке қабылдауға қатысу;

12) мемлекеттік мүліктің мақсатқа сай пайдаланылуын бақылауды және артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай пайдаланылмайтын мүлікті алып қоюды республикалық мүлікке қатысты үш жылда кемінде бір рет жүзеге асыру;

13) сыйға тарту шарттарын жасасу, мемлекеттік емес заңды және жеке тұлғалардың мүлкі бойынша қабылдап алу-беру актілеріне қол қою мен бекіту;

14) оларға меншік құқығын мемлекет сыйға тарту шарты бойынша иеленген мүлікті есепке алуды мемлекеттік мүлік тізіліміне ол туралы мәліметтер енгізу жолымен жүргізу;

15) орталық атқарушы орган мен оның ведомствосының, республикалық мемлекеттік кәсіпорынның мүлкін қоспағанда, республикалық мүлікті тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асыру;

16) мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған республикалық мүлікті бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асыру;

17) сатып алу-сату шартын, оның ішінде өзінің қолданысын тоқтатқан шартты орындауға байланысты бақылауды жүзеге асыру кезінде жұмысқа сарапшыларды, сондай-ақ консультациялық, бағалау, аудиторлық және өзге де ұйымдарды тарту;

18) республикалық мүліктің нысаналы және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыру;

19) зерттеу жүргізу тапсырылған тұлғаларды және танысу үшін ұсынылуға тиіс ақпарат тізбесін көрсете отырып, мониторинг объектісінің басшыларын зерттеу жүргізілетіні туралы хабардар ету;

20) орталық атқарушы органның аумақтық органының, ведомствоның аумақтық бөлімшесінің, оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің және республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін пайдалануға беру жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыру;

21) республикалық меншікке жекелеген негіздер бойынша айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

22) меншіктің мемлекеттік мониторингін жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыруға қатысу;

23) меншіктің мемлекеттік мониторингінің нысанасы бойынша анық және объективті талдау үшін қажетті ақпаратты сұратуды және алуды жүзеге асыру;

24) мониторинг объектілерін тікелей зерттеуге, меншіктің мемлекеттік мониторингі нысанасына жатқызылатын ақпаратты жинау мен талдауға қатысу үшін Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының өкілдерін тарту;

25) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарынан, сондай-ақ мониторинг объектілерінен меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрату мен алуды жүзеге асыру;

26) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу;

26-1) орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының мүлкін қоспағанда, республикалық мемлекеттік мекемелердің мүлкін коммуналдық меншікке беру;

26-2) коммуналдық заңды тұлғалардың мүлкін республикалық меншікке орталық атқарушы органның аумақтық органының, ведомствоның аумақтық бөлімшесінің, оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің теңгеріміне беруге келісім беру;

26-3) жекелеген негіздер бойынша республикалық меншікке айналдырылған ( түскен) мүлікті орталық атқарушы органның аумақтық органының, ведомствоның аумақтық бөлімшелесінің, оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің теңгеріміне бекіту;

26-4) орталық мемлекеттік органдар мен олардың ведомстволарының мүлкін қоспағанда, республикалық мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкін коммуналдық меншікке беру;

26-5) жекелеген негіздер бойынша коммуналдық меншікке айналдырылған (түскен) мүлікті орталық атқарушы органның аумақтық органының, ведомствоның аумақтық бөлімшесінің, оған ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің теңгеріміне беруге келісім беру;

27) "Байқоңыр" кешені объектілерінің сақталуы мен оларды пайдалану шарттарына бақылауды жүзеге асыру;

28) "Байқоңыр" кешенінің объектілерін үшінші тұлғаларға қосалқы жалға беруді келісу;

29) Қазақстан Республикасының тарапынан "Байқоңыр" кешені объектілерінің сақталуын және оларды пайдалану шарттарын бақылау тәртібі туралы 1995 жылғы 18 тамыздағы келісімге сәйкес "Байқоңыр" кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін техникалық және технологиялық жабдық, зымыран-ғарыш техникасы, қару-жарақ, арнайы техника және басқа да материалдық құралдар түріндегі Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және үшінші мемлекеттер мүлкінің әкелінуі мен әкетілуіне бақылауды жүзеге асыру;

29-1) алып тасталды – ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 16.06.2022 № 335 бұйрығымен;

29-2) алып тасталды – ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 16.06.2022 № 335 бұйрығымен;

29-3) алып тасталды – ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 16.06.2022 № 335 бұйрығымен;

30) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, "Байқоңыр" кешені бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдермен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді – ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 02.08.2019 № 820; 10.02.2020 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 16.06.2022 № 335; 07.06.2024 № 418 бұйрықтарымен.

15. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан және өзге де тұлғалардан заңнамада белгіленген тәртіппен қажетті ақпарат пен материалдарды сұрату, алу және оларға беру;

2) Еңбек кодексімен және мемлекеттік қызмет туралы заңнамамен көзделген жағдайларда және тәртіпте қызметкерлерді көтермелеу, оларға тәртіптік жаза қолдану, қызметкерлерді материалдық жауапкершілікке тарту;

3) Қазақстан Республикасының соттарында республикалық мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету мәселелері бойынша мемлекеттің мүдделерін білдіру;

4) басқа мемлекеттік органдардағы кеңестерге, келіссөздерге, отырыстарға Комитеттің атынан және оның тапсырмасы бойынша қатысу;

5) "Байқоңыр" кешенінің объектілері мен мүлкін түгендеу жөніндегі комиссияның құрамына қатысу;

6) "Байқоңыр" кешенінің Ресей Федерациясы жалға алып отырған құрамнан шығарылатын және Қазақстан тарапына берілетін объектілері мен мүлкін қабылдап алу-беру жөніндегі комиссияның құрамына қатысу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, "Байқоңыр" кешені бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдермен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

**3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болуы мүмкін.

19. Департамент басшысының өкілеттіктері:

1) өз орынбасарларының (бар болған жағдайда) және Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) заңнамаға сәйкес Департаменттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолданады;

4) Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;

5) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департамент мүддесін білдіреді;

7) белгіленген тәртіпте Департаменттің қызметкерлерін іссапарға жіберу, оларға демалыстар беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауапты болады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департамент басшысы болмаған кезеңде, оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Департамент басшысы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

**4-тарау. Департаменттің мүлкі**

21. Департаменттің заңнамамен көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Департамент мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамамен өзгеше белгіленбесе, Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы<br>Қаржы министрлігі Мемлекеттік<br>мүлік және жекешелендіру<br>комитетінің Төрағасы<br>міндетін атқарушының

2018 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 934 бұйрығына
19-қосымша

**"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Абай облысы бойынша мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы**
**ЕРЕЖЕ**

Ескерту. Ережемен толықтырылды – ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 12.07.2022 № 386 бұйрығымен.

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Абай облысы бойынша мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің (бұдан әрі – Комитет) Абай облысының аумағында өз құзыреті шегінде республикалық мүлікті басқару саласында басшылықты, республикалық мүлікке мемлекеттің құқықтарын іске асыруды, жекешелендіру мен экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыратын аумақтық органы болып табылады.

Департамент Қазақстан Республикасы "Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Шығыс Қазақстан мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті" мемлекеттік мекемесінің бөлу балансына сәйкес берілетін барлық құқықтары мен міндеттерінің, оның ішінде тараптармен даулы міндеттемелердің құқық мирасқоры болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент, егер заңнамаға және осы Ережеге сәйкес осыған уәкілеттілік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан

Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Әсет Найманбаев көшесі, 110.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының м.а. 29.12.2022 № 833 бұйрығымен.

